

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда олардың асырауындағылары мен мұрагерлеріне біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 114 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 53-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда олардың асырауындағылары мен мұрагерлеріне біржолғы өтемақы төлеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      7                      а қ п а н д а ғ ы  
N                      1 1 4                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда олардың**

## **асырауындағылары мен мұрагерлеріне біржолғы өтемақы төлеу ережесі**

1. Осы Ереже "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда олардың асырауындағылары мен мұрагерлеріне біржолғы өтемақы төлеу тәртібін б е л г і л е й д і .

2. Біржолғы өтемақы төлеу оны алуға құқығы бар адамдарға прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай үлес мөлшерінде ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Біржолғы өтемақыны есептеу үшін қолданылатын ақшалай үлес лауазымдық жалақы мен сыныптық шені (әскери атағы бойынша) үшін төленетін қосымша а қ ы д а н ( ж а л а қ ы д а н ) т ұ р а д ы .

3. Егер прокуратура органдары қызметкерінің қаза табуы (қайтыс болуы) не қызметкердің қаза табуына (қайтыс болуына) себеп болған жарақаты, жаралануы (мертігуі), ауруы қызметтік міндеттерін атқаруға қатыссыз жағдайларға байланысты болғандығы заңнамада белгіленген тәртіппен анықталса, тиісті құжаттар ресімделмейді және біржолғы өтемақы төленбейді. V053932

4. Біржолғы өтемақы төлеуді қызметкердің қызмет өткеру орны бойынша прокуратура органдарының қаржы бөлімшесі (бұдан әрі - қаржы бөлімшесі) республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының шегінде екінші деңгейдегі банктегі алушының жеке шотына аудару, сондай-ақ оларды өтініш берген сәттен бастап екі ай ішінде алушының шотына почта арқылы аудару жолымен жүргізеді.

Кәмелетке толмаған алушыға біржолғы өтемақы төлеу тұрғылықты жері бойынша өтініш берген сәттен бастап екі ай ішінде қамқорлық және қорғаншылық органдарын, сондай-ақ оның заңды өкілдерін ол жайында бір мезгілде хабардар ете отырып, екінші деңгейдегі банктегі оның жеке шотына аудару жолымен ғана жүргізіледі.

5. Прокуратура органдарының кадр қызметі 15 күн ішінде өтемақыны алуға құқығы бар тұлғаларды прокуратура органдарына біржолғы өтемақы төлеу туралы өтініштер беру құқығы туралы жазбаша хабардар етеді.

6. Біржолғы өтемақы алу үшін оны алуға құқығы бар адам қаржы

бөлімшесіне мынадай құжаттарды ресімдейді және ұсынады:  
осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес өтініш;  
алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
кәмелетке толмаған алушының туу туралы куәлігінің көшірмесі;  
неке туралы куәлік не сот органдарының алимент туралы атқару парағы (қ а м қ о р л ы қ т у р а л ы құ ж а т ) ;

нотариалды расталған қайтыс болғандығы туралы куәліктің көшірмесі;  
егер төлемақыға өтініш беруші қаза тапқанның (қайтыс болғанның) мұрагері болып табылса немесе асырауындағы адам болса, мұраға құқығы туралы куәлігі.

Қаржы бөлімшесі кадр қызметінен қызметкердің қаза табу (қайтыс болу) жағдайы туралы қорытындының көшірмесін сұратады.

Сондай-ақ қаза тапқанның (қайтыс болғанның) қаза тапқан (қайтыс болған) күніне ақшалай үлесі туралы қаржы бөлімшесінің анықтамасы материалдарға қ о с а т і р к е л е д і .

Оқиға орын алған кезде денсаулығына зақым келуі салдарынан бір жыл өткеннен кейін қайтыс болған қызметкердің қаза табу (қайтыс болу) фактісі бойынша, бұдан басқа, өтініш иесі қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақаты, жаралануы (контузия), мертігуі, ауруы қайтыс болуына себепші болғандығын растайтын әскери-дәрігерлік комиссияның (бұдан әрі - ӘДК) қ о р ы т ы н д ы с ы н ұ с ы н а д ы .

7. Біржолғы өтемақы алуға құқығы бар адам өтемақы төлеу туралы өтініш берген кезде, қаржы бөлімшесі осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтығын және дұрыс ресімделуін тексереді және мекеме басшысының атына ресімделген өтінішті осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес өтініштерді тіркеу және біржолғы өтемақылар төлеу журналына тіркейді. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген тиісті құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш тіркеуге жатпайды, ол туралы өтініш иесіне жетіспейтін құжаттарды көрсете отырып, тиісті түсініктеме беріледі.

8. Біржолғы өтемақы төлеу туралы өтініштерді қарау Қазақстан Республикасының азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда біржолғы өтемақы төлеу туралы өтініш бойынша қабылданған прокуратура органдарының шешіміне өтініш иесі жоғары тұрған прокуратураға немесе сотқа шағым беруіне болады.

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік

міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда олардың асырауындағылары мен мұрагерлеріне біржолғы өтемақы төлеу ережесіне

1-қосымша

Кімге \_\_\_\_\_  
(мекеме (ұйым) басшысының

\_\_\_\_\_ лауазымы сыныптық шені, Т.А.Ә.)  
\_\_\_\_\_ мекен-жайында тұратын

\_\_\_\_\_ (өтініш иесінің Т.А.Ә.)

СТН N \_\_\_\_\_

Біржолғы өтемақы төлеуге

### ӨТІНІШ

Сізден \_\_\_\_\_

(ол бойынша залалдың орны толтырылуы тиіс

\_\_\_\_\_ оқиғаның сипаты көрсетіледі)  
байланысты маған біржолғы өтемақы төлеуіңізді сұраймын.

Маған тиісті соманы \_\_\_\_\_  
(банктің атауы, банктің СТН-і, банктің МФО-сы,

\_\_\_\_\_ алушының жеке есеп шотының N немесе байланыс бөлімшесі арқылы  
\_\_\_\_\_ аударуды сұраймын.

аударған жағдайда оның мекен-жайы көрсетіледі)

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ өтініш иесінің қолы

Құжаттар 200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ қабылданды.

\_\_\_\_\_ (құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда олардың асырауындағылары мен мұрагерлеріне біржолғы өтемақы төлеу ережесіне

2-қосымша

**Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде не қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған жарақат немесе мертігу салдарынан қызметтен босатылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның асырауындағылары мен мұрагерлеріне біржолғы өтемақы төлеу өтініштерін тіркеу**

**ЖУРНАЛЫ**

| N | Қайтыс болған қызметкердің Т.А.Ә. және оның мекен-жайы | Қайтыс болған қызметкердің асырауындағының, мұрагерінің Т.А.Ә. және оның мекен-жайы | Залалдың орнын толтыру себебі | Біржолғы өтемақы сомасы | Төлем құжатының N мен күні | Егер өтінішті тіркеуден бас тартылса, онда бас тартудың себебі |
|---|--|---|-------------------------------|-------------------------|----------------------------|--|
| 1 | 2  | 3   | 4                             | 5                       | 6                          | 7  |
|   |  |   |                               |                         |                            |  |